

Б.Ж. Нурахованың «6D051100-Маркетинг» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сүт және сүт өнімдері нарығында кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың маркетингтік технологиялары (Алматы қаласы мен Алматы облысының материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің берген

ШІКІРІ

Қазіргі уақытта халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде және мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігін сақтап қалуда сүт және сүт өнімдерінің алатын орны ерекше және өте маңызды. Сонымен қатар нарық жағдайында сүт және одан алынатын өнімдерді өндіретін кәсіпорындардың арасында бәсекелестік күрес күрделеніп, олардың өнімдерінің сапасына және безендендірілуіне деген талаптар күшейюде. Сондықтан осы нарықтық жағдайда маркетингтің технологияларын қолданудың және оның негізінде бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастырудың мен маңыздылығы арта бастайды.

Б.Ж. Нурахованың ұсынып отырған ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін маркетингтік технологияларды қолдану бойынша теориялық негіздерді кешенді зерттеу және тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу, ол жұмыста төменгідей міндеттерді шешудің арқасында орындалған: кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі және маркетингтік технологиялар түсініктерін терең зерттеу; Алматы қаласы және Алматы облысының сүт және сүт өнімдері нарығының даму жағдайы мен беталысын, сонымен қатар сүт және сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындардағы маркетингтік технологиялардың қолданылуы мен олардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау, сүт және сүт өнімдерін тұтынушылардың мінез-құлқын маркетингтік зерттеу жүргізу; сүт және сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторларды бағалау және бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың маркетингтік технологияларын анықтау; экономика-математикалық әдістер негізінде Алматы облысындағы сүт және сүт өнімдері өндірісі мен тұтынуға болжам жасау; маркетингтік технологияларды қолдану негізінде сүт және сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың басым бағыттарын анықтау және негіздеу.

Орындалған диссертациялық жұмыс логикалық дәйектілік ретіменен жазылған және ішкі үйлесімділігі бар. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде тақырыптың қазіргі таңдағы өзектілігі, көтеріліп отырған мәселенің ғылыми тұрғыдағы әзірлену дәрежесі, зерттеудің мақсаттары және міндеттері анықталған және жұмыстың ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы көрсетілген. Жұмыстың бірінші тарауында автормен кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудағы маркетингтік

технологиялардың мәні, рөлі және маңыздылығы қарастырылған. Екінші тарау Алматы қаласы және Алматы облысындағы сүт және сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың қазіргі жағдайларына, олардың маркетингтік іс-әрекеттерін талдауға және бәсекеге қабілеттіліктерін бағалауды маркетингтік зерттеуге арналған. Үшінші тарауда докторант сүт және сүт өнімдері кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін маркетингтік технологиялар негізінде жоғарылатудың басымды бағыттарын ұсынған.

Докторанттың зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдығы – кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың маркетингтік технологиялары түсінігіне авторлық анықтама берілуі; тұтынушылардың талғамын анықтау мақсатында маркетингтік зерттеу жүргізу әдістемесінің әзірленуі; сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін маркетингтік технологиялар анықталуы; сүт және сүт өнімдерін өндіру және тұтыну көлеміне болжам жасалуы; аймақтық нарықтарда сүт және сүт өнімдерін өткізуді арттыруға және нарық үлесін жоғарылатуға бағытталған сүт және сүт өнімдерін өткізу тізбегінде сапаны басқару тәсілдері көрсетілуі.

Осы аталған ғылыми нәтижелер мен ұсыныстар зерттеу барысында автордың мемлекеттік заң актілеріне және нормативтік құжаттарға, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйенуі, сонымен қатар экономикалық үрдістер мен құбылыстарды зерттеудің қазіргі әдістерін, соның ішінде пікір сұрау, экономика-математикалық үлгілеу, ақпараттарды экономика-статистикалық өңдеу әдістерін тиімді қолдануынан көрінеді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері әр түрлі ғылыми басылымдарда, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда сынақтан өткен. Ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша жалпы көлемі 5,66 б.т. болатын 10 ғылыми жарияланым жарық көрген.

Автордың диссертациялық жұмыста негіздеп әзірлеген тәжірибелік тұжырымдамалары қолданбалы сипатқа ие, оларды сүт және сүт өнімдерін өндіретін отандық кәсіпорындардың іс-әрекетінде олардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуда кең көлемде пайдалануға болады.

Жалпы Б.Ж. Нурахованың әзірлеген диссертациялық жұмысы жеткілікті түрдегі ғылыми деңгейде орындалған, сондай-ақ ол қойылатын барлық талаптарға жауап береді және оны мамандандырылған Ғылыми Кеңестің отырысында ашық қорғауға жіберуге болады.

Ғылыми кеңесші,

Абылай хан атындағы

Қазақ Халықаралық Қатынастар

және Әлем Тілдері

Университетінің доценті, э.ғ.к.

01.10.2020



Н.А. Калганбаев